



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	2
2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ .....	8
3 ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ .....	10
4 ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	12
5 АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ .....	13
6 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ.....	14
7 ШӘКІРТАҚЫЛАР (СТИПЕНДИЯЛАР) .....	15
8 ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯЛАРДЫҢ КЕСТЕЛЕРІН ҚҰРУ .....	16
9 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕКТІК БАҚЫЛАУДЫ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ .....	17
10 ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ....	19
11 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ .....	23
12 АПЕЛЛЯЦИЯ .....	25
13 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КУРСТАН КУРСҚА КӨШІРУ ШАРТТАРЫ.....	26
14 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ .....	26
15 БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНДАҒЫ БОС ОРЫНДАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ.....	28
16 АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫСТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ .....	29
17 АКАДЕМИЯЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ПЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ ЖОЮ ...	30
18 ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ .....	31
19 ҚАЙТА ОҚУДАН ӨТУ .....	31
20 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ .....	32
21 ДИПЛОМДЫ ТАБЫСТАУ .....	33
22 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	33

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) миссиясы заманауи халықаралық талаптарға сай сапалы білім беру қызметтерін көрсету арқылы Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнерін және көркемдік білімін дамытуға ұлттық элитаны дайындау болып табылады.

1.2 Университеттің Академиялық саясаты – мәдениет және өнер саласында жоғары білікті, бәсекеге сай мамандарды дайындау мақсатында оқуда, ғылымда және шығармашылықта жоғары нәтижелерге тиімді қол жеткізу үшін Университетте іске асырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды, білім беру қызметін жоспарлау мен басқаруды қамтамасыз ететін қағидалар мен рәсімдердің жиынтығын көздейді.

1.3 Құжатта сілтемелер көрсетілетін нормативтік-құқықтық құжаттардың тізімі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Нормативтік-құқықтық құжаттар

№	Құжаттың атауы
1	2
1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы
2	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
3	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
4	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген Қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары
6	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары
7	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары
8	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидалары

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	3 бет

9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшері
10	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары
11	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығымен бекітілген Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары

1.4 Құжатта келесі қысқартулар пайдаланылған (2-кесте).

2- кесте - Пайдаланылған қысқартулар

<b>Қысқартулар</b>	<b>Толық атауы</b>
ҚР ОМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР МАМ	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
АМЖҚ	Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет
ТО	Тіркеуші офис
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
ЖЖОКБҰ	Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
БББ	Білім беру бағдарламасы
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары
ЭПК	Элективті (таңдалған) пәндер каталогы
МК	Міндетті компонент
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ТК	Таңдау компоненті
ЖББП	Жалпы білім беру пәндері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейіндік пәндер
БАӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
БАӨӨЖ	Білім алушының педагогтің жетекшілігімен өзіндік жұмысы
GPA	GradePointAverage – үлгерімнің орташа балы
ҚББТ	Қашықтықтан білім беру технологиялары
ЖББП	Жоғары білімнің бірыңғай платформасы
ЖБДҰО	Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы
ҚБ	Қашықтықтан оқыту
ОО	Онлайн оқыту
ПОӘК	Пәндердің оқу-әдістемелік кешені
ҚАК	Қорытынды аттестациялық комиссия

1.5 Құжатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар 3-кестеде келтірілген.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	4 бет

3-кесте - Терминдер мен анықтамалар

<b>Термин</b>	<b>Анықтамасы</b>
<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Platonus ААЖ</i>	Автоматтандырылған режимде оқу процесін жүргізуге және бақылауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе
<i>Академиялық күнтізбе – Academic Calendar</i>	Кезеңнің басы мен соңы көрсетілуімен оқу жылының барысында оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік тәжірибелерді, демалыс күндерін (демалыс және мейрам) өткізу күнтізбесі
<i>Академиялық кредит- Credit, Credit-hour</i>	Білім алушының және/немесе оқытушының ғылыми және/немесе оқу жұмысы көлемінің (жүктемесінің) бірегейленген өлшем бірлігі
<i>Академиялық ұтқырлық</i>	Білім алушылардың немесе оқытушылардың белгілі бір академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнында (елдің ішінде немесе шетелде) оқуы немесе зерттеулерді өткізуі, игерілген білім беру бағдарламаларын, пәндерді Университетке келгеннен кейін академиялық кредит түрінде міндетті қайта тапсырумен
<i>Академиялық демалыс</i>	Медициналық көрсетімдер бойынша немесе басқа ерекше жағдайлар кезінде білім алушы оқуын уақытша үзетін кезең
<i>Академиялық кезең– Term</i>	Семестр, триместр, тоқсан секілді үш нысанның бірі ретінде белгіленетін теоретикалық оқыту кезеңі
<i>Білім алушының академиялық рейтингі -Rating</i>	Білім алушылардың оқу бағдарламасын, пәнді және/немесе модульдерді және оқу жұмысының басқа түрлерін игеру деңгейінің аралық аттестация нәтижелері бойынша құралатын сандық көрсеткіші
<i>Академиялық анықтама, транскрипт –Transcript</i>	Кредиттермен бағалар көрсетілген, тиісті оқыту кезеңінде игерілген пәндер тізбесі бар, белгіленген нысандағы құжат.
<i>Академиялық дәреже– Degree</i>	Білім беру бағдарламаларын талап етілетін көлемде игерген және қорытынды аттестация нәтижелері бойынша оң баға алған білім алушыларға тағайындалатын дәреже
<i>Академиялық сағат</i>	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлері көлемінің өлшем бірлігі
<i>Оқу жетістіктерін бағалаудың балды-рейтингті әріптік жүйесі</i>	Білім алушылардың рейтингін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес білім алушылардың білім деңгейін балмен бағалау жүйесі
<i>Дуальды оқыту</i>	Кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	5 бет

1	2
<i>Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS)</i>	Білім беру бағдарламаларын зерттеу шеңберінде кредиттерін жинақтау үшін білім алушының шетелде игерген оқу кредиттерін Университетте есепке жатқызылатын кредиттерге аудару (көшіру) тәсілі.
<i>Оқу пәніне жазылу – Enrollment</i>	Білім алушылардың оқу пәндеріне алдын-ала жазылу рәсімі
<i>Жеке оқу жоспары</i>	Білім алушы эдвайзердің көмегімен үлгілік оқу жоспары және таңдалған пәндер және/немесе модульдер каталогы негізінде әрбір оқу жылына өздігінше құрастыратын оқу жоспары
<i>Білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылау</i>	Білім алушылардың білім деңгейін түрлі бақылау нысандары (ағымдағы, шектік, қорытынды) және аттестация арқылы анықтау
<i>Білім алушылардың қорытынды аттестациясы– Qualification Examination</i>	Оқу пәндерінің және/немесе модульдердің және білім алу бағдарламаларында қарастырылған оқу қызметінің басқа түрлерінің көлемін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау рәсімі
<i>Қорытынды бақылау</i>	Оқу пәні бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында аралық аттестация кезеңінде өткізілетін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау
<i>Онлайн оқыту</i>	онлайн-оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара әрекет болуға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны
<i>Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау</i>	Білім алушылардың білім деңгейін бақылаудың (ағымдағы, аралық, қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен тексеру
<i>Оқытудың кредиттік технологиясы</i>	Білім алушылардың академиялық кредиттерді жинақтаумен оқу пәндерін және/немесе модульдерін таңдауы және реттілігін өзіндік жоспарлауы негізінде оқуы
<i>Модуль</i>	Білім алушылардың осы арқылы алатын біліктілігі тұтастай немесе ішінара қалыптасатын, оқудағы нақты нәтижелерді игерудің көздейтін, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі
<i>Модульді оқыту</i>	Білім беру бағдарламасын, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі
<i>Білім беру бағдарламасы</i>	Білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	6 бет

<b>1</b>	<b>2</b>
<i>Пәннің сипаттамасы – CourseDescription</i>	Пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұны кіретін, пәннің қысқаша сипаттамасы
<i>Тіркеуші офис</i>	Білім алушының оқудағы жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет
<i>Постреквизиттер– Postrequisite</i>	Оқу үшін белгілі бір пәнді және/немесе модульді оқуды аяқтағаннан кейін иеленетін білім, іскерлік, дағдылар мен біліктілік қажет болатын пәндер және/немесе модульдер, оқу жұмысының басқа да түрлері
<i>Препреквизиттер- Prerequisite</i>	Оқитын белгілі бір пәнді және/немесе модульді игеру үшін қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен біліктіліктен тұратын пәндер және/немесе модульдер, оқу жұмысының басқа түрлері
<i>Пән бағдарламасы– Syllabus</i>	Оқитын пәннің сипаттамасы, оның мақсаттары мен міндеттері, қысқаша мазмұны, тақырыптары мен оларды оқу ұзақтығы, өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар, тапсырмаларды тапсыру күндері, білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары, әдебиет тізімі кіретін құжат
<i>Прокторинг</i>	Оқушылардың білімдерін онлайн бағалау кезінде оқушылардың әрекеттерін бақылау және бақылау технологиясы
<i>Аралық аттестация</i>	Оқу пәні аяқталғаннан кейін білім алушының осы пәннің бөлімінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын анықтау рәсімі
<i>Кәсіптік практика</i>	Болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;
<i>Оқу жұмыс жоспары</i>	Мамандықтың үлгілік оқу жоспары және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде әзірленетін құжат
<i>Шектік бақылау</i>	Оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау
<i>Білім алушының өзіндік жұмысы</i>	Өздігінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиетпен және ұсыныстармен қамтамасыз етілген белгілі бір тақырыптар бойынша жұмыс; студенттің өзіндік жұмысына, магистранттың өзіндік жұмысына, докторанттың өзіндік жұмысына бөлінеді
<i>Педагогтің жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы</i>	Оқытушының жетекшілігімен белгілі бір кесте бойынша өткізілетін білім алушының жұмысы; оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысына, оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысына, оқытушының жетекшілігімен докторанттың өзіндік жұмысына бөлінеді

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	7 бет

1	2
<i>Үлгерімнің орташа балы – Grade Point Average (GPA)</i>	Білім алушының белгілі бір кезеңдегі оқудағы жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы
<i>Ағымдағы бақылау</i>	Оқытушының әр сабақта өткізетін, білім алушының білімін ұдайы тексеруі
<i>Үлгілік оқу жоспары</i>	Білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқу тәртібі мен бақылау нысанын реттейтін құжат.
<i>Тьютор - Tutor</i>	Нақты пәнді және/немесе модульді игеру бойынша білім алушының академиялық кеңесшісі болатын педагог
<i>Білім алушының оқудағы жетістіктері</i>	Білім алушылардың оқу процесі барысында иеленетін және қол жеткізген деңгейін бейнелейтін білімі, іскерлігі, дағдылары мен біліктілігі
<i>Эдвайзер- Advisor</i>	Оқу траекториясын таңдауда, жеке оқу жоспарын құруда және білім беру бағдарламасын игеруде септестік ететін білім алушының академиялық тәлімгері ретіндегі оқытушы
<i>Емтихан сессиясы</i>	Аралық аттестация кезеңі
<i>Элективті (таңдалған) пәндер</i>	Өңірлік қажеттіліктерге, Университет оқытушыларының ғылыми және шығармашылық зерттеулерінің бағыттарына сәйкес білім алушылардың біліктілігін таңдалған бағытта тереңдетуге мүмкіндік беретін, белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау бойынша компонентке және жоғары оқу орнының компонентіне кіретін оқу пәндері

1.6 Университет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша дайындықты (бакалавриат, магистратура, докторантура) оқудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастыру Қағидаларына сай және Еуропалық біліктілік шеңберінде мақұлдастырылған Дублиндік сипаттауыштарға сәйкес іске асырады.

1.7 Университетте оқу процесін оқудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастырудың негізгі мақсаты – отандық білім беру жүйесінің халықаралық білім беру кеңістігімен бірігуі, білім алушылар мен педагогтердің академиялық ұтқырлығын күшейту, сондай-ақ, білімнің сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету.

1.8 Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлін және тиімділігін күшейту;
- тиімді және ашық рәсімді бақылау негізінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін анықтау.

1.9 Университеттегі оқудың кредиттік технологиясы қарастырады:

- әрбір пән және/немесе модуль, оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың және педагогтердің еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім алушының элективті (таңдалатын) пәндер каталогынан пәнді және/немесе модульді ерікті таңдауы, жеке оқу жоспарын құруда тікелей қатысуы;
- пәндерге және/немесе модульдерге тіркелуде білім алушының педагогті ерікті таңдауы;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	8 бет

- білім беру бағдарламаларын игеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын белсендіру;
- мамандықтардың білім беру бағдарламаларын құруда факультеттер мен кафедралардың академиялық еркіндігі;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;
- әрбір пән және/немесе модуль, оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың балды-рейтингті жүйесін пайдалану.

1.10 Университеттегі теориялық дайындық пен өнер және мәдениет ұйымдарындағы практикалық оқытуды біріктіретін дуальды білім беру жүйесінің элементтері енгізілді.

1.11 Университет бірлескен және екі білім беру бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігін береді, онда студенттер екі баламалы диплом немесе университет дипломы және серіктес ЖОО-да оқығанын растайтын сертификат алады.

## 2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

2.1 Университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары (БББ) білім берудің үш деңгейі бойынша іске асырылады – бакалавриат, магистратура, докторантура.

2.2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу келесілерге негізделеді:

- Ұлттық біліктілік (квалификация) шеңбері;
- Тиісті білім деңгейіндегі Дублиндік сипаттауыштар;
- Салалық біліктілік шеңбері;
- Кәсіптік стандарттар;
- Элективті (таңдалатын) пәндер каталогы.

2.3 Білім беру бағдарламалары білім алушыларға біліктілікті иеленуге мүмкіндік беруге және оқу процесіне қатысуда білім мен дағдыларын қолданып, өздерінің оқуы үшін жауапкершілік таныта білуіне бағытталған.

2.4 Білім беру бағдарламалары келесі біліктіліктерді иеленуге бағытталған:

- Кәсіптік қызметті тиімді іске асыру;
- Оқуға бейім болу және жаңа міндеттерге шығармашылық қарым-қатынас көрсету;
- Пәнаралық сабақтарда тиімді жұмыс істеу;
- Жаңашыл көзқараста болу және тұжырымдамалы жобалар мен туындылар жасау;
- Кәсіптік міндеттерді шешу үшін өзара түсіністік түрлерін таба білу.

2.5 Университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам, жұмыс берушілер және басқа мүдделі тұлғалар қатысады.

2.6 Білім беру бағдарламалары келесілерді ескерумен әзірленеді:

- Таңдалған мамандық бойынша білім алушылардың кәсіптік біліктіліктерін талдау негізінде қорытынды мемлекеттік емтиханды тапсыру және білікті бітіру жұмысын қорғау кезіндегі мемлекеттік аттестациялық комиссиялардың ұсыныстары;
- Білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілердің сараптамалық қорытындылары;
- Еңбек нарығындағы қажеттілік.

2.7 Университеттегі білім беру бағдарламалары оқытудың модульдік ұстанымдары бойынша құрылған.

2.8 Модульдік оқытуда білім беру бағдарламалары бірнеше модульге бөлінеді, олардың әрқайсысында бірнеше пән болады, пәндердің жалпы мақсаты – білім алушының нақты бейінді дайындық саласында біліктіліктерді қалыптастыру.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	9 бет

## 2.9 Модульдік оқытудың негізгі ұстанымдары:

- Білім беру бағдарламасының, әрбір жеке модульдің және нақты пәннің құрылымын құрудың жүйелі тәсілі.
- Білімнің жекелеген элементтерге (модульдерге) құрылымдық бөлінуі, оларды оқуды аяқтағаннан кейін оқудың нақты нәтижесі (біліктіліктер) болуымен.
- Әрбір модульдің ішіндегі барлық оқу сабақтарын логикалық мақұлдастыруды қамтамасыз ету.
- Модульдердің өзара байланысымен және оқу логикасымен қамтамасыз етілетін білім алудың мүмкін траекторияларын белгілеу, бұл қажетті біліктіліктердің жинақталуына апарады.
- Модульді білім беру бағдарламаларының икемділігі.
- Білім алушылардың шығармашылық қызметіне алғы шарттар жасалатын даму үстіндегі оқытудың әдістемелік ұстанымдарын іске асыру мүмкіндігі.

2.10 Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша оқу нәтижелері білімнің тиісті деңгейінің Дублиндік сипаттауыштары негізінде анықталады және біліктіліктер арқылы бейнеленеді. Бұл ретте оқудың бес басты нәтижесін бөліп қарастыруға болады:

- Білім және түсіну;
- Білім мен түсінуді қолдану;
- Пікір айтуды қалыптастыру;
- Қарым-қатынас, тілдесу қабілеті;
- Оқу дағдылары (машықтары) немесе оқуға қабілет.

2.11 Оқу нәтижелері (біліктіліктер) барлық білім беру бағдарламасы бойынша, сондай-ақ, әрбір модуль және пән бойынша қалыптасады.

2.12 Әрбір модульге екі және одан артық пән кіреді, оның көлемі 5 және одан артық қазақстандық кредиттерді немесе 8 немесе одан артық ECTS кредиттерін құрайды. Кәсіптік тәжірибелердің түрлері, дайындық және білікті бітіру жұмысын қорғау оқу пәндерімен өзара байланысына және мақсаттарының бірлігіне сай тиісті модульдерге енгізіледі, бұл ретінде түрлі тәжірибелер әр түрлі модульдерге кіргізіледі.

2.13 Модульдің құрамдас компонентінің үлесі оның модульдің жалпы еңбек сыйымдылығындағы көлеміне тура пропорционал байланыста, кредиттермен анықталады.

## 2.14 Модульдер:

- Жалпы модульдерге;
- Мамандық модульдеріне;
- Мамандандудың шеңберінен тыс, қосымша модульдерге бөлінеді.

2.14.1 Жалпы модульдерге әлеуметтік-этикалық, мәдени, экономикалық және ұйымдастыру-басқару секілді жалпы білім біліктіліктерін қалыптастыратын жалпы білім беру пәндері (ЖББП) циклдерінің пәндері және негізгі пәндер (НП) кіреді.

2.14.2 НП және бейінді пәндер (БП) циклдерінің пәндері кіретін мамандық модульдері нақты білім беру бағдарламасы шеңберінде жалпы кәсіптік және арнайы біліктілікті қалыптастыруға, сондай-ақ, сыни ойлау, шығармашылық, өмірге белсенді көзқарас, т.б секілді жалпы біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

2.14.3 Мамандандудың шеңберінен тыс, қосымша модульдерге мамандыққа қатыссыз және қосымша біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталған пәндер циклдері кіреді – ақпараттық технологиялар, шет тілдері, т.б.

## 2.15 Білім беру бағдарламасына (БББ) кіреді:

- білім беру бағдарламасының паспорты;
- құзыреттілік картасы/ профиль;
- білім беру бағдарламасының мазмұны (жұмыс оқу жоспары);

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	10 бет

- білім беру бағдарламасының модульдері бойынша игерілген несиелердің көлемін көрсететін жиынтық кесте;

- оқу үдерісін ұйымдастыру (қабылдауға қойылатын арнайы талаптар, оқу шарттары, ғылыми дәрежені беру, бағалау критерийлері және т.б.);

- оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы.

2.16 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру БББ оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

2.17 Университетте іске асырылатын білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығының (ЖБДҰО) Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (ЖББП) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының тізілімінде (бұдан әрі – Тізілім) ұсынылған.

### **3 ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

3.1 Университет оқу процесін барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес ұйымдастырады.

3.2 Университетте оқу жоспарлары келесі нысандарда әзірленеді:

- Жеке оқу жоспарлары (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ).

3.3 Әрбір білім алушы үлгілік оқу бағдарламасы мен элективті (таңдалатын) пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен ЖОЖ құрады. ЖОЖ құрамына міндетті компоненттің (МК), жоғары оқу орнының компонентінің (ЖООК) және таңдау бойынша компоненттің (ТК) барлық пәндері, сондай-ақ, барлық тәжірибе түрлері, ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмыстары және қорытынды бақылаулар кіреді.

3.4 Оқитын қызмет түрлерінің жалпы көлемі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша талап етілетін көлемнен төмен болмауы тиіс.

3.5 Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша бітіретін кафедралар әзірлейтін элективті (таңдалатын) пәндер каталогы (ЭПК) оқу мақсатының, мазмұны мен күтілетін нәтижелердің (иеленетін білім, іскерлік, дағдылар мен біліктілік) қысқаша сипатталуымен, пре- және постреквизиттердің көрсетілуімен таңдау бойынша компонентке кіретін барлық пәндердің тізбесінен тұрады.

3.6 ЭПК жұмыс берушілердің ұсыныстары мен қорытынды аттестациялық комиссиялардың есептері негізінде еңбек нарығының заманауи талаптарын ескерумен жыл сайын жаңартылады.

3.7 ЭПК пәндер саны білім алушыларға өздерінің дайындық бағытында жеке білім алу траекториясын құруға мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс.

3.8 ЭПК Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінде (ҒӘК) оқу процесінде пайдалану ұсынысымен бекітіледі.

3.9 Білім алушыларды оқу пәндеріне жазуды (Enrollment) Тіркеуші офис (ТО) ұйымдастырады. Ол Platonus электрондық жүйесінде жүргізіледі.

3.10 Барлық БББ бойынша ЖОЖ негізінде ОЖЖ әзірленеді, олар Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	11 бет

3.11 Әрбір оқу пәнінің өзіндік бірегей атауы болуы тиіс, дене шынықтыру, тілдер және Университеттің ерекшелігіне байланысты арнайы пәндерден басқасында.

3.12 Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен және/немесе оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустар) анықталады.

3.13 Силлабусте көрсетіледі:

- оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері;
- білім алушылардың аталған пәнді оқуы үшін дайындық деңгейіне (біліктілігіне) (пререквизиттер) және басқа пәндерді оқуға әзірлігіне (постреквизиттер) талаптар;
- дәрістердің қысқа мазмұны, тәжірибе сабақтары жоспарлары, өзіндік жұмыс тақырыптары мен сұрақтары, тапсырмаларды орындау және тапсыру кестелері;
- оқудың және оқу жетістіктерін бақылаудың негізгі нысандары мен әдістері, педагогтің талаптары, тәртіпті орнату саясаты;
- білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижесін бағалау жүйесі;
- қажетті әдебиет тізімі.

3.14 Кәсіптік практика оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Ол оқу, өндірістік, диплом алдындағы, педагогикалық және зерттеу түрлеріне бөлінеді.

3.15 Университетте кәсіптік тәжірибе академиялық кезеңнен бөлек және қатар жүргізілуі мүмкін.

3.16 Тәжірибелердің ұзақтығы білім алушылардың апта ішіндегі 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) тәжірибедегі нормативтік жұмыс уақытына сай аптамен анықталады.

3.17 Кәсіптік тәжірибенің барлық түрлеріне жіберу тәжірибенің мерзімі, орны мен жетекшісі көрсетілумен ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

3.18 Теоретикалық оқуды және аралық аттестацияны жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен іске асырылады, демек, пәнге кредиттер саны оны оқудың, аралық аттестацияға дайындық пен одан өту уақытын білдіреді.

3.19 Жоспарлау кезінде бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең деп алынады. Оқу жұмыстарының барлық түрлері бойынша академиялық сағат 50 минутқа тең. Ол академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін құруда, өткен материалды жоспарлауда және есепке алуда, сондай-ақ, педагогтердің педагогикалық жүктемесін жоспарлауда және жұмысын есепке алуда пайдаланылады.

3.20 Бір ECTS кредиті (Еуропалық несиені аудару және жинақтау жүйесі) 30 академиялық сағатты құрайды.

3.21 Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы оқытушының жетекшілігімен орындалатын (БАОӨЖ) және толығымен өздігінше орындалатын жұмысқа (БАӨЖ) бөлінеді.

3.22 Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады (емтиханмен).

3.23 Академиялық лектің және топтың толымдылығы белгілі бір мамандықтағы білім алушылардың санына байланысты қалыптасады. Дәріс сабақтары (қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша дәріс сабақтары – 30-дан 100-ге дейін) 30-ға дейін, практика сабақтары – 30-ға дейін; тілдер, информатика бойынша практика сабақтары – 20 адамға дейін адам санына шақталып құрастырылады.

3.24 Академиялық лектер және топтар белгілі бір пәнге және белгілі бір оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны ұстанымы бойынша және олардың жеткілікті тиімділік (түсімділік) деңгейіне жетуіне сай қалыптасады.

3.25 Тиімсіз (түсімсіз) топтардың білім алушылары үш күн ішінде ОЖЖ қарастырылған басқа элективті курсты көрсетуімен өтінішін қайта жазуға құқықты. Курстың

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	12 бет

тиімсіздігі туралы уақытылы хабардар болғанымен, білім алушы бұл құқығын пайдаланбаса, курсты ауыстыру туралы шешімді Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет қабылдайды.

3.26 Білім алушылардың элективті пәндерді бей-берекет таңдауына жол бермеу және Университет әзірлеген білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыру мақсатында ЭПК шеңберінде білім алушыларға нарық пен жұмыс берушінің қажеттіліктерін ескерумен нақты қызмет саласына бағдарланған бірнеше білім беру траекторияларын таңдауға беру ұсынылады.

3.27 Білім алушылар барлық аудиториялық сабақтарға кестеге сай қатысуы тиіс. Кеңес беру сипатындағы аудиториядан тыс БАОӨЖ сабақтарына білім алушылар оқытушыға сұрағы болса, жіберген сабақтары бойынша материалды тапсыру үшін қатысады.

3.28 Аудиториялық сабақ кезінде білім алушы сабақта өткізілетін жұмыстың барлық түріне (ауызша жауап, жазбаша жұмыс, талқылау, топтағы жұмыс, жобаны орындау, т.б.) қатысуға міндетті.

3.29 Сабаққа қатыспау тек дәлелді себепті орын алуы мүмкін, атап айтқанда:

- сырқаттану - №10 студенттік емхана берген медициналық анықтама болуында;
- конкурстарға, конференцияларға, концерттерге, олимпиадаларға, т.б. қатысу – растайтын құжат болуында;
- отбасылық және басқа дәлелді жағдайлар – босату туралы өтініштің болуында.

Соңғы екі жағдайда сабақтан босату Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің бұйрығымен рәсімделеді. Жоғарыда келтірілген дәлелді себептер бойынша сабаққа қатыспаған білім алушылардың жіберген тақырыбы бойынша материалды педагогке тапсыруға құқығы бар.

3.30 Сабаққа дәлелді себепсіз 3 реттен артық қатыспаған жағдайда педагог факультет деканының атына баянат жазылады. Жағдайлар факультет Кеңесінде қарастырылады. Сабаққа қатыспау жағдайлары қайталанған болса, білім алушы Университеттің Әлеуметтік-тәртіптік комиссиясына шақырылады. Сабаққа ұдайы дәлелді себепсіз қатыспағаны үшін білім алушы Әлеуметтік-тәртіптік комиссиясының шешімі бойынша Университеттен шығарылуы мүмкін.

3.31 Сабаққа кешігуге қатаң тыйым салынады. Білім алушы 10 минуттен кем кешіккен жағдайда педагогтің рұқсатымен сабаққа кіруіне рұқсат етіледі. 10 минуттен артық кешіккен жағдайда білім алушы сабаққа кіруге рұқсатты факультет деканынан алады. Сабаққа үш рет кешігу сабаққа дәлелді себепсіз бір рет қатыспауға теңеседі.

## **4 ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ**

4.1 Университет онлайн оқытуды ұсынады:

- денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;
- мерзімдерін көрсете отырып, қатысу кезеңіне арналған халықаралық, республикалық зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдерге қатысушыларға;
- педагогика ғылымдары, музыкалық өнер саласындағы ББ бойынша білім алушыларға білім берудің барлық кезеңінде академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен пәндердің жиырма пайызынан аспайды; қалған бағыттар бойынша кадрлар даярлау үшін-елу пайыздан аспайды;
- уәкілетті мемлекеттік органдардың бұйрықтары негізінде белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, төтенше жағдай енгізу, әлеуметтік,

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	13 бет

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында.

4.2 Университет кеңістіктік және уақыттық қашықтыққа қарамастан педагог пен білім алушының өзара іс-қимылы үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және интернет арқылы кадрларды даярлаудың нақты бағыттары бойынша онлайн-оқытуды жүргізуге құқылы.

4.3 Онлайн оқыту үшін жіберілетін пәндер тізбесін Университет дербес айқындайды және ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.4 Кафедра онлайн пәндердің құрылымы мен мазмұнын дербес анықтайды.

4.5 ОО кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы сақталады.

4.6 Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру синхронды немесе асинхронды оқыту форматында онлайн режимінде жүргізіледі.

4.7 Ілеспе оқыту форматындағы оқу сабақтары Ақпараттық жүйелер мен басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқытушы мен білім алушының нақты уақыт режимінде тікелей өзара іс-қимылын (стримингін) көздейді. Сабақтар жеке немесе топта бейнеконференциялар (ZOOM, WhatsApp, Webex және басқа платформалар) арқылы барлық уақыт кезеңінде өткізілуі мүмкін.

4.8 Асинхронды оқыту форматы белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуін қамтиды:

- Platonus ААЖ платформасы, оның ішкі тілдесу қызметтері, чаттары мен форумдары арқылы;
- Мәгінді және басқа бейне-ақпаратпен алмасу үшін Mail.ru, Google.com және басқа серверлерінде электрондық поштаны пайдаланумен;
- YouTube арнасын, WhatsApp қосымшасын, т.б. қолданумен.

4.9 Әрбір пән үшін Platonus ААЖ порталында пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) және силлабустар (БҚ бойынша толықтырумен) орналастырылады.

4.10 ОО кезінде білім алушылардың сабаққа қатысуы міндетті және сабақ кестесіне сай өткізіледі. Онлайн сабақтарына кешігуге, қатыспауға болмайды.

4.11 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы, аралық және аралық бақылау пән силлабусында көрсетілген тапсырмаларды тапсыру кестесіне сәйкес Platonus ААЖ платформасында «Тапсырма» модульдерінде жүзеге асырылады. Бағалар Platonus жүйесінің электрондық журналына қойылады.

4.12 Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында, онлайн оқытуға көшу кезінде кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, онлайн-форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес практикалық және студиялық сабақтар кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

## **5 АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ**

5.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Университеттің Ғылыми кеңесі бекітетін академиялық күнтізбе негізінде іске асырылады.

5.2 Бакалавриатта оқу жылы 1 қыркүйекте, магистратурада және докторантурада жылына екі рет: 1 қыркүйекте және академиялық күнтізбе бойынша екінші академиялық кезеңде (семестр) басталады. Бұл жылына екі рет магистратура мен докторантураға қабылдауды ұйымдастыруға байланысты.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	14 бет

5.3 Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестрлер), аралық аттестация кезеңдерінен, демалыс пен тәжірибелерден тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестация кезеңі кіреді.

5.4 Академиялық кезеңнің (семестрдің) ұзақтығы – 15 апта (мейрам және демалыс күндерді есепке алмағанда – 90 күн).

5.5 Бітіруші курстарда академиялық кезең – ұзақтығы 15 апталық семестрден, ұзақтығы 10 апталық триместрден және 5 апталық қорытынды аттестацияға дайындықтан тұрады.

5.6 Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестациялау кезеңімен аяқталады. Аралық аттестация кезеңінің ұзақтығы – кемінде, 1 апта.

5.7 Білім алушыларға әрбір академиялық кезеңнен кейін демалыс (каникул) беріледі, бұл демалыс уақыты жылына, кемінде, 7 аптаны құрайды.

5.8 Академиялық берешекті немесе айырмашылықты жою, үлгерімнің орташа балын (GPA) көтеру, аралық немесе қосымша оқыту бағдарламасын игеру үшін ұзақтығы, кемінде, 6 апта болатын жазғы семестрді енгізуге болады. Сондай-ақ, басқа білім беру мекемелерінің білім алушыларына өздерінің білім алу ұйымдарында қайта тапсыру құқығымен оқу пәндерін Университетте оқуға мүмкіндік беріледі.

5.9 Төтенше жағдайларға байланысты академиялық күнтізбе Ғылыми кеңестің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

## 6 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ

6.1 Университеттің профессорлық-педагогикалық құрамының педагогикалық жүктемесі академиялық сағаттармен жоспарланады. Бұл ретте аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме педагогтің лекпен, топпен, кіші топтармен қарым-қатынастағы уақыты бойынша есептеледі.

6.2 Оқу жұмысының келесі түрлері белгіленеді: дәрістер, тәжірибе сабақтары, жеке тәжірибе сабақтары, білім алушының өзіндік жұмысы, курстық жұмыстар, кәсіптік тәжірибелердің, бақылаудың барлық түрлері, қорытынды аттестацияға дайындық және одан өту.

6.3 Университет оқытушылар – аға оқытушылар, доценттер, ғылыми дәрежесі бар – ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылыми атақтары – профессор, доцент (доцент) бар профессорлардың дәрістерін ұсынады. Бакалавриат пен магистратурада ұлттық біліктілік шеңберінің 7 және 8 деңгейлеріне сәйкес бейіні бойынша оқытушыларға дәріс оқуға рұқсат етіледі.

6.4 Осы Академиялық саясаттың 6.3-тармағын сақтайтын оқытушылар практикалық сабақтарды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізуге тартылады. Бакалавриат бағдарламасында білім беру бағдарламасының тар бейіні бойынша практикалық сабақтарды өткізу үшін ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейіне сәйкес келетін оқытушыларды тартуға жол беріледі.

6.5 Дипломдық жобаларға/жұмыстарға және кәсіптік тәжірибелерге жетекшілік етуді 10 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар ұлттық біліктілік шеңберінің 7 және 8 деңгейлеріне сәйкес бейіні бойынша оқытушылар жүзеге асырады.

6.6 Магистрлік және докторлық диссертацияларды ғылыми дәрежесі бар педагогтер басқарады – ғылым докторы, ғылым кандидаты, академиялық дәрежесі-философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор, ғылыми атақтары – сұрау салынатын бағыттың бейініне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 жылда 5 ғылыми мақаланың және халықаралық рецензияланатын басылымда 1

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	15 бет

ғылыми мақаланың авторы болып табылатын профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index expanded базаларының бірінде индекстелген ғылыми журнал, Web of Science Core Collection-дағы Social Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index немесе Scopus дерекқорында citescore бойынша кемінде 25 (магистранттарды басқару үшін) немесе кемінде 35 (докторанттарды басқару үшін) процентиль көрсеткіші бар оқытушылар іске асырады.

6.7 Магистранттардың ғылыми басшылығына бейіндік бағыт бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін мамандар тартылады.

6.8 Диплом алдындағы тәжірибеге жетекшілікті диплом жұмысының (жобасының) ғылыми жетекшісі атқарады.

6.9 Ғылыми тағылымдамаларға, магистранттар мен докторанттардың зерттеушілік тәжірибелеріне ғылыми жетекшілікті әдетте, ғылыми жетекшілер/кеңесшілер іске асырады.

6.10 Оқу жоспарлары және оқитын білім беру бағдарламаларының талаптары қадағаланған жағдайда Университет педагогі оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын өз еркімен таңдай алады.

## 7 ШӘКІРТАҚЫЛАР (СТИПЕНДИЯЛАР)

7.1 Мемлекеттік шәкіртақы (стипендия) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, аралық аттестация нәтижелері бойынша «үздік» және «жақсы» бағаларын алған білім алушыларға тағайындалады және төленеді, және білім алушының аралық аттестациясынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап семестр аяқталатын айдың соңына дейін, ай сайын төленеді.

7.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші курсқа түскен білім алушыларға (оқудың бірінші жылындағы) бірінші семестрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр бойы ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы алдыңғы семестрдің аралық аттестациясының қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

7.3 Көруі және естуі бойынша мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға және қамқорлыққа алынған балаларға, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы академиялық берешегі және аралық аттестациясының қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары болмаған жағдайда төленеді.

7.4 Жазғы демалыс кезеңі бойынша мемлекеттік шәкіртақы екі айға (шілде, тамыз) қоса төленеді.

7.5 Аралық және қорытынды бақылауды Университет белгілеген мерзімде дәлелді себепті (сырқат, отбасындағы жағдайлар, дүлей апаттар) тапсырмаған білім алушылар растайтын құжаттарды бергеннен кейін тіркеуші офис сынақтар мен емтихандарды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді, осыдан кейін емтихан сессиясының нәтижелері бойынша мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

7.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, курсты қайтадан оқуға қалдырылған білім алушылар одан әрі оқу кезеңінде мемлекеттік білім беру грантынан айрылады.

7.7 Кәсіптік тәжірибе, жазғы демалыс кезінде, сондай-ақ, еңбекақы төленетін жұмыс орындары мен лауазымдарда білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды (шәкіртақыларды) тағайындаудың, төлеудің және мөлшерінің Қағидаларында белгіленген тәртіпте төленеді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	16 бет

7.8 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы оқудың барлық мерзіміне тағайындалады және ай сайын төленеді.

7.9 Білім алушы академиялық демалыста болған кезде мемлекеттік шәкіртақы төленбейді.

7.10 Білім алушы академиялық демалыстан қайтып келген кезде мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу оқу жоспарындағы академиялық айырмашылықты жойғаннан кейін белгіленген тәртіпте іске асырылады.

7.11 Сырқатына байланысты курсты қайтадан оқуға қалдырылған білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша кезекті аралық аттестацияның нәтижесіне дейін тағайындалады және төленеді.

7.12 Жүктілік пен босану кезеңінде білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы жүктілікке және босануға сай демалысқа шыққанға дейін белгіленген мөлшерде, Қазақстан Республикасының әрекет ететін заңнамасында белгіленген мерзім бойы төленеді.

7.13 Академиялық демалыс кезінде жүктілікке және босануға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама берілсе, академиялық демалыс тоқтатылады және жүктілік пен босану бойынша демалыс рәсімделеді.

7.14 Білім алушы үш жасқа дейін баланың күтімі бойынша демалыста болған кезде оған мемлекеттік шәкіртақы тағайындалмайды.

7.15 Шәкіртақыны тағайындау Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының ұсынуы негізінде Университет ректорының бұйрығымен орындалады.

7.16 Білім алушыларға шәкіртақы төлеу ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған ағымдағы есеп-шотқа олардың сомасын аудару арқылы іске асырылады. Ақша аудару рәсімін оңайлату мақсатында ағымдағы есеп-шотты ашу үшін банкті ұсынуға Университеттің құқығы бар.

7.17 Мемлекеттік шәкіртақыны төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

- Білім алушының Университеттен шығарылуында, шығару себебіне тәуелсіз түрде;
- Білім алушының өлім-жітімге ұшырауында;
- Оқуды аяқтауында, шығарылуы туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

## **8 ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯЛАРДЫҢ КЕСТЕЛЕРІН ҚҰРУ**

8.1 Оқу сабақтарының кестесі – Университетте оқу процесін реттейтін негізгі ұйымдастыру құжаты. Оқу сабақтарының кестесі білім алушылардың оқу жұмысын және профессорлық-оқытушылық құрамының қызметін оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

8.2 Оқу жұмыс жоспарының және педагогтің жеке жүктемесінің негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет бүкіл семестрге топтық оқу сабақтарының кестесін құрады. Аудиториялық сабақ кестесін ұйымдастыруда оқу процесінің күні бойы үздіксіз болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

8.3 Оқу сабақтары сағат 8.30-дан 20.00-ге дейін ұйымдастырылады.

8.4 Білім алушылардың аудиториялық сабақтарының ұзақтығы күніне 8 академиялық сағаттан аспауы тиіс, «Дене шынықтыру» пәнін қоса.

8.5 Жеке сабақтарды әрбір педагог өздігінше белгілейді және Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің басшысымен мақұлдастырады.

8.6 Оқу сабақтарының кестесі семестрдің басталуына дейін 15 күннен кешіктірілмей, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	17 бет

8.7 Бекітілген оқу сабақтары әрбір факультеттің ақпараттық қабырғаларында орналастырылады.

8.8 Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМЖК) кафедра педагогтерінің сабақ өткізуіне күнделікті бақылауды қамтамасыз етеді және педагог жұмыс орнында дәлелді себепсіз болмаған жағдайда талдау және шара қабылдау үшін АМЖК басшысына сабақтың болмай қалуы туралы мәлімет береді.

8.9 Сабақты дәлелді себепті өткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда педагог бұл туралы кафедра меңгерушісіне, АМЖК басшысына, факультет деканатына алдын ала хабарлауға міндетті. Бұл жағдайда кафедра меңгерушісі болмайтын педагогті басқа педагогке алмастыруды қамтамасыз етеді.

8.10 Педагог ұзақ уақыт бойы болмайтын кезде (демалыс, іс-сапар, ұзақ уақыт бойы еңбекке жарамсыздық) педагог оқу сабақтарын алмастыру кестесін құрады. Кафедра меңгерушісі оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорға алмастыратын педагогтердің қолы қойылған алмастыру кестесімен қоса, ұсыныс (қызметтік жазба) береді.

8.11 Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясын өткізу кестесін кафедралармен бірге АМЖК құрады, кестені оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітеді және білім алушылар мен педагогтер онымен аттестация басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей таныстырылуы тиіс.

8.12 Емтихан сессиясының кестесі факультеттің ақпараттық қабырғасында және Университеттің сайтында орналастырылады.

## **9 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕКТІК БАҚЫЛАУДЫ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ**

9.1 Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін білімді тексерудің келесі нысандары қарастырылған:

- Ағымдағы бақылау;
- Шектік бақылау;
- Қорытынды бақылау.

9.2 Ағымдағы бақылау – білім алушылардың оқудағы білімі мен жетістіктерін жүйелі бақылау. Ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша өткізіледі және оған аудиториялық және аудиториялық емес сабақтарда білімді тексеру кіреді. Үлгерімді ағымдағы бақылаудың түпкілікті нәтижесі Platonus ААЖ қорытылады. Бағалар бір уақытта топтың барлық оқушыларына қойылады.

9.3 Шектік бақылау – білім алушылардың оқудағы жетістіктерін теоретикалық оқытудың 7-ші және 15-ші апталарында іске асырылатын тексеру. Шектік бақылау оқу пәнінің академиялық кезеңнің жартысында өткен тақырыптар бойынша өткізіледі және Platonus ААЖ электрондық ведомстына түсіріледі.

9.4 Ағымдағы және шектік бақылауды өткізу нысандары: академиялық концерт, көрсетілім, алдын ала көрсетілім, жазбаша жұмыстар, тұсаукесерлер (презентациялар), т.б. Ағымдағы және шектік бақылау үшін тапсырмалар, олардың нысаны пәннің силлабусында көрсетіледі және білім алушыларға таныстырылады.

9.5 Жоғарылату мақсатында шектік бақылау нәтижелерін өзгертуге болмайды.

9.6 Шектік бақылауды дәлелді себепті (сырқат, отбасылық жағдайлар, дүлей апаттар) Университетте белгіленген мерзімде тапсырмаған білім алушылар үшін растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін тіркеуші офис жеке тапсыру мерзімдерін белгілейді.

Растайтын құжаттарды бір аптаның ішінде тапсырмаған жағдайда шектік бақылау берешек болып саналады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	18 бет

9.7 Қорытынды бақылау әрбір оқу пәнін немесе барлық білім беру бағдарламасын тұтас жалпы оқуды (білікті бітіру жұмысы) аяқтағаннан кейін өткізіледі. Ол, сәйкесінше, аралық (емтихан сессиясы) және қорытынды аттестация кезеңінде өткізіледі.

9.8 Аралық аттестацияның қорытынды бақылауы емтихан нысанында өткізіледі. Емтихан нысанын оқытушы таңдайды және бұл пәннің силлабусында көрсетіледі.

9.9 Емтиханды өткізу үшін емтиханды қабылдаушы ретінде берілген оқу пәнінің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар, жетекші профессорлар, доценттер, кафедра педагогтері тағайындалады.

9.10 Аралық аттестацияға жіберуге рұқсатты үлгерімнің ағымдағы және шектік бақылау нәтижелері бойынша анықталатын рұқсат рейтингін бағалау негізінде тіркеуші офис дайындайды. Оқу пәні бойынша рұқсат рейтингінің оң бағасы болмаған білім алушылар осы пән бойынша емтиханды тапсыруға жіберілмейді.

9.11 Кейбір жеке жағдайларда (сырқат, отбасылық және қызметтегі жағдайлар) білім алушыларға аралық аттестацияны жеке кесте бойынша өтуге рұқсат етіледі. Растайтын құжаттар қоса берілуімен факультет деканының қызметтік жазбасы негізінде шешімді тіркеуші офис қабылдайды.

9.12 Университетте емтихандар жазбаша, ауызша, біріктірілген және шығармашылық нысанда (академиялық концерт, көрсетілім, көрме, т.б.) өткізіледі. Әрбір пән бойынша емтиханды өткізудің нысаны мен тәртібі академиялық кезеңнің басынан бастап бір айдан кешіктірмей белгіленеді.

9.13 Екі емтиханды бір күнде тапсыруға болады.

9.14 Platonus ААЖ жүйесіндегі электрондық топ мәлімдемесі студенттердің академиялық кезеңде жинаған ұпайлары мен бағаларын көрсетеді, қабылдау рейтингін көрсетеді. Аралық аттестаттау бойынша қорытынды бақылаудың бағасын оқытушы педагог тиісті бағанға енгізеді.

9.15 Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде прокторинг қолданылады.

9.16 Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен біліктілігі) 100 балдық жүйе бойынша балмен және төрт балдық жүйе бойынша сандық баламасына сәйкес келетін А-дан Х әрпіне дейінгі әріптік жүйеде бағаланады.

9.17 Қорытынды бағаға рұқсат рейтингі мен қорытынды бақылаудың (емтихан) бағалары кіреді, бұл ретте рұқсат рейтингі бағасының үлесі 60% құрайды. Бағаны есептеу Platonus ААЖ жүйесінде автоматты түрде орындалады.

9.18 FX «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде оқу пәнін (модульді) қайта өтпестен, қорытынды бақылауды бір рет қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

9.19 F «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған кезде білім алушы оқу пәніне (модульге) қайтадан жазылады, оны келесі академиялық кезеңде немесе жазғы сессияда қайтадан өтеді.

9.20 Аралық аттестация кезеңінде білім алушы оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды екі рет қана қайта тапсыра алады. Үшінші рет FX немесе F бағасын алған білім алушы Университеттен шығарылады. Бұл ретте білім алушы басқа жоғары оқу орнына немесе «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған пән болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысуына болады, жалпы білім беру пәндері циклінен басқасын.

9.21 Транскриптке FX немесе F бағасын қоса, соңғы қорытынды бағасы көрсетілуімен білім алушының оқыған барлық оқу пәндері жазылады.

9.22 Бағаны қойған кезде оқытушы техникалық қате жіберген болса, Университет ректорының атына өтініш жазылады. Техникалық қате фактісін Университеттің қауіпсіздік бөлімі тексереді. ОР бөлімінің оң шешімі жағдайында тіркеуші офис Platonus ААЖ бағаны түзетуге қол жетімдік береді.

9.23 Аралық және қорытынды аттестаттаудың орындалуын бақылауды кафедра меңгеруші жүзеге асырады. Аралық аттестацияның нәтижелері және оқу процесін жақсарту

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	б-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	19 бет

бойынша ұсыныстар кафедралардың, деканаттардың жиналыстарына, Университеттің Ғылыми кеңесінің талқылауына беріледі.

## **10 ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ**

10.1 Университетте білім алушылардың қорытынды аттестациясы жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында сәйкес өткізіледі.

10.2 Қорытынды аттестация «Қазақстан тарихы» пәні бойынша – мемлекеттік емтихан, мамандық бойынша – мемлекеттік емтихан тапсыру және білікті бітіру жұмысын (диплом жұмысын/жобаны немесе дайындық бейініне сәйкес басқа шығармашылық жұмысты) қорғау немесе мамандықтың бейінді пәндері бойынша екі емтихан тапсыру нысанында өткізіледі.

10.3 Қорытынды аттестацияға жеке және оқу жұмыс жоспарларының, білім берудің оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру ғана ерекшелікті құрайды, оны тапсыру пәнді оқуды аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде аралық аттестация кезінде өткізіледі.

10.4 Қорытынды аттестацияға жіберу білім алушылардың тізімдік құрамы бойынша ректордың бұйрығымен қорытынды аттестацияның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей рәсімделеді.

10.5 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі негізде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар тапсырады. Жоғары кәсіптік білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнін бірінші жоғары кәсіптік білім алу кезінде өтпеген және мемлекеттік емтиханды тапсырмаған болса, олар аталған пәнді оқиды және ол бойынша мемлекеттік емтиханды тапсырады.

10.6 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра меңгерушісінің ұсынысымен құрамында комиссияның төрағасы мен мүшелері бар қорытынды аттестациялық комиссия (ҚАК) құрылады.

ҚАК төрағасы болып докторы немесе кандидаты академиялық дәрежесі және/немесе философия докторы (PhD) немесе ғылым докторы дәрежесі бар, университет қызметкері болып табылмайтын, осы салада үлкен педагогикалық және ғылыми тәжірибесі бар тұлға тағайындалады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша ҚАК төрағасының кандидатурасын Университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

10.7 ҚАК құрамы кафедра меңгерушісінің ұсынысымен жоғары білікті педагогтер қатарынан құрылып, Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. ҚАК құрамына 5-7 адам кіреді.

10.8 ҚАК жиналыстарының кестесін тіркеуші офис академиялық күнтізбеге сәйкес мемлекеттік емтихан басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей құрады және Университет ректорының бұйрығымен бекітеді.

10.9 ҚАК жиналыстарының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

10.10 ТО-ның (тіркеу офисі) өкілі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың мемлекеттік емтихан нәтижелерін Platonus АЖЖ парағына енгізетін бағалар қойылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	20 бет

10.11 Оң нәтиже рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтиханның бағасы ескеріле отырып, білім алушылар қорытынды бағалары жазылған баспа парағына ҚАК төрағасы мен мүшелері қол қояды.

10.12 Білім алушы ҚАК отырысына келмесе, хаттамада оның аты-жөнінің қасында «келмеді» деген белгі қойылады.

10.13 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оның тапсырылуы қарастырылған емтихан сессиясын қорытындылауда ескеріледі.

10.14 Білім алушы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханда «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған жағдайда ол осы пәнге келесі академиялық кезеңде немесе жазғы сессияда ақылы негізде қайтадан жазылуына болады.

10.15 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағасын көтеру үшін пәнді ақылы негізде жазғы сессия кезінде қайта оқығанда оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

10.16 ҚАК жұмысы аяқталған кезде комиссияның төрағасы Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, бекітілетін және білім беру саласындағы өкілетті органға берілетін есепті дайындайды.

10.17. Соңғы курс білім алушыларының қорытынды аттестациясын өткізу үшін білім берудің барлық нысандары бойынша әрбір мамандық бойынша Қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады. ҚАК 4-6 адамнан құрылады. ҚАБ құрамы мамандықтар бойынша университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

10.18 ҚАК төрағасы болып ғылым докторы немесе кандидаты, ғылыми дәрежесі және/немесе философия докторы (PhD) немесе профессор немесе доцент (доцент) ғылыми атағы, профессор және/немесе бітіруші білім алушыларды даярлаудың тиісті саласында үлкен тәжірибесі бар, Университет қызметкері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының құрметті атағы бар тұлға тағайындалады.

10.19 ҚАК мүшелері Университет педагогтері, жұмыс берушілері – жоғары білікті мамандар, негізгі білімі (диплом бойынша), ғылыми немесе академиялық дәрежесі түлектердің бейініне сәйкес келетін мамандар арасынан құрылады.

10.20 ҚАК құзіретіне кіреді:

- бітіретін мамандардың теоретикалық және тәжірибелік дайындығын жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;
- тиісті білім бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін тағайындау;
- бітірушіге мамандық бойынша тиісті біліктілігін тағайындау;
- жоғары білім туралы дипломды беру жөніндегі шешімді қабылдау;
- мамандарды дайындаудың сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

10.21 ҚАК жұмысының кестесін Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет құрады, ол Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және ҚАК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей жалпы танысуға ұсынылады.

10.22 ҚАК жиналыстарының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс. Бұл ретте білім алушыларды мемлекеттік емтиханды тапсыруға күніне – 12-15 адамнан, ал диплом жұмысын қорғауда – 7-10 адамнан аспайтын санда жіберуге рұқсат етіледі.

10.23 Қорытынды аттестацияға бітіретін кафедраның шешімі негізінде білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оң бағалары бар білім алушылар жіберіледі.

10.24 Дипломдық жобалардың/жұмыстардың тақырыптары бітіруші кафедраның ұсынуы негізінде Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	б-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	21 бет

10.25 Мемлекеттік емтихандар бітіретін кафедра бекіткен бағдарлама бойынша өткізіледі. Олар әр түрлі нысанда өткізіледі: ауызша, жазбаша, тестілеу (кешенді тестілеу), көрсетілім, бағдарламаны жеке немесе топтық орындау.

10.26 Бітірушінің біліктілік жұмысын қорғау қарастырылған мамандықтар бойынша диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың орнына келесі білім алушылар білім беру бағдарламасының бейінді пәндері бойынша екі мемлекеттік емтиханды тапсыра алады:

- денсаулығының жағдайы туралы медициналық анықтама негізінде ауруханада ұзақ уақыт бойы (бір айдан астам) емдеуде болатын;
- Баланың туу туралы куәлігінің негізінде, 2 жасқа дейінгі баласы бар;
- Ата-анасының денсаулығы жағдайы туралы анықтама негізінде науқас ата-анасына күтім жасаушылар.

10.27 Диплом жұмысының (жобаның) ғылыми жетекшісі тақырыптың көрсетілуімен әрбір білім алушыға дербес тағайындалып, Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

10.28 Диплом жұмысын (жобаны) қорғауға дейін бес күннен кешіктірмей ҚАК қарастыруына беру қажет:

- диплом жұмысының (жобаның) ғылыми жетекшісінің пікірі, онда «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәйекті қорытынды беріледі;
- диплом жұмысына рецензия, онда қорғауға ұсынылған жұмыстың жан-жақты сипаттамасы, білімді бағалаудың балды-рейтингті әріптік жүйесі бойынша бағасы және академиялық бакалавр дәрежесін және/немесе тиісті мамандық бойынша біліктілікті (квалификация) тағайындау мүмкіндігі көрсетілуімен дәйекті қорытынды беріледі.

10.29 Диплом жұмыстары (жобалар) өкілетті органдарда кірме материал болуына қатысты антиплагиат лицензиялық бағдарламадан тексеруден өтеді.

10.30 Білім алушы диплом жұмысын (жобаны) ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған кезде қорғайды.

10.31 Диплом жұмысына (жобаға) рецензия беруді біліктілігі (квалификациясы) қорғалатын жұмысқа сәйкес келетін, бөгде ұйымдардан сыртқы мамандар ғана іске асырады. Диплом жұмыстарының (жобалардың) рецензенттері жұмыс орны, лауазымы және білімі (жоғары білім туралы диплом бойынша негізгі білім, мамандық бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі) көрсетілуімен бітіретін кафедраның меңгерушілерінің ұсыныстарына сай жалпы тізім бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі.

10.32 Ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы қорғауға жіберілмейді және бұл академиялық жылы диплом жұмысын (жобаны) қорғамайды.

10.33 Рецензенттің оң, сондай-ақ, теріс қорытынды беруіне қарамастан, білім алушы диплом жұмысын (жобаны) қорғауға жіберіледі.

10.34 Диплом жұмысын (жобаны) қорғау ҚАК ашық жиналысында өткізіледі.

10.35 Бір білім алушы үшін бір диплом жұмысын (жобаны) қорғау ұзақтығы – 50 минуттан, жеке (соло) орындау 35 минуттан аспауы тиіс. Диплом жұмысын (жобаны) қорғау үшін білім алушының ҚАК алдындағы баяндамасы 15 минуттан аспауы қажет.

10.36 Диплом жұмысын (жобаны) қорғаудың бағалары, сондай-ақ, академиялық бакалавр дәрежесін және өз үлгісіндегі дипломды (үздік, ерекшеліксіз) беру туралы шешімдер ҚАК жабық жиналысында ашық дауыс беру арқылы жиналысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауыс санымен қабылданады. Дауыс саны тең түскен жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші саналады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	22 бет

10.37 Мемлекеттік емтихандарды тапсырудың және диплом жұмысын (жобаны) қорғаудың нәтижелері олар өткізілген күні ҚАК жиналыстарының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

10.38 ҚАК жиналыстарының хаттамалары әрбір білім алушыға жеке жүргізіледі. Хаттамаға мемлекеттік емтиханда және диплом жұмысын (жобаны) қорғауда анықталған білімді бағалаулар енгізіледі, сондай-ақ, қойылған сұрақтар мен ҚАК мүшелерінің пікірлері жазылады. ҚАК бір мүшесінің пікірі басқаларының пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда ол өзінің пікірін хаттамаға жазады және қасына қолын қояды.

10.39 Хаттамада оқуын бітірген білім алушыға академиялық бакалавр дәрежесінің және/немесе біліктіліктің (квалификация) тағайындалуы, сондай-ақ, мемлекеттік үлгідегі дипломның (үздік, ерекшеліксіз) берілуі көрсетіледі.

10.40 Барлық хаттамаларға жиналысқа қатысқан ҚАК төрағасы мен мүшелері қол қояды. Хаттамаларды ҚАК хатшысы толтырады.

10.41 Қорытынды аттестацияға дәлелді себепті келмеген білім алушы растайтын құжатты қоса беруімен ҚАК төрағасының атына өтініш жазады және оның рұқсаты бойынша ҚАК жиналысының басқа күнінде мемлекеттік емтиханды тапсырады немесе диплом жұмысын қорғайды.

10.42 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін берілген денсаулық жағдайы туралы құжаттарды ҚАК қарастырмайды.

10.43 Оң бағаны көтеру мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және диплом жұмысын (жобаны) қайта қорғауға рұқсат етілмейді.

10.44 Диплом жұмысын (жобаны) қорғау қанағаттанарлықсыз деп танылған жағдайда ҚАК осы жұмысты түзетумен немесе жаңа тақырыпты әзірлеумен келесі академиялық жылы қайта қорғау мүмкіндігін белгілейді. Бұл шешім жиналыстың хаттамасына жазылады.

10.45 Қорытынды аттестациядан өтпеген білім алушы келесі оқу жылындағы қорытынды аттестацияның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей Университет ректорының атына қайта қорытынды аттестацияға жіберуге рұқсат ету туралы өтініш жазады.

10.46 Қайтадан қорытынды аттестацияны өткізу алдыңғы қорытынды аттестацияда қанағаттанарлықсыз баға алынған нысандар бойынша ғана өткізіледі. Мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруда емтихан тақырыптарының тізбесі білім алушының теоретикалық оқуды аяқтаған жылында әрекет еткен оқу жоспарымен анықталады.

10.47 Қайтадан қорытынды аттестацияны өткізу білім алушының меншікті қаражаты есебінен өткізіледі.

10.48 ҚАК жұмысы аяқталған соң оның төрағасы екі апта мерзім ішінде есеп береді, есеп Ғылыми кеңестің жиналысында талқыланып, бекітіледі.

10.49 ҚАК төрағасының есебіне түсіндірме жазбасында көрсетіледі:

- Жоғары оқу орнындағы берілген мамандық бойынша мамандарды дайындау деңгейі;
- Диплом жұмыстарын (жобаларды) орындау сапасы, оның ішінде, кәсіпорынның, ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалған;
- Диплом жұмыстары (жобалар) тақырыптарының ғылымның, мәдениеттің заманауи жағдайына және қоғамның сұраныстарына сәйкестігі;
- Білім алушылардың мемлекеттік емтихандарда анықталған білімінің сипаттамасы, жеке пәндер бойынша мамандарды дайындаудағы кемшіліктер;
- Берілген мамандық бойынша мамандарды дайындау сапасын талдау;
- Университетте мамандарды дайындауды одан әрі жақсарту бойынша нақты ұсыныстар.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	23 бет

10.50 ҚАК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын аяқтаған бітірушілердің аты-жөні, мамандығы және берілген дипломның номері көрсетілген, Университет ректоры қол қойған тізімі қоса беріледі.

## **11 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ**

11.1 Білім алушылардың қорытынды аттестациясы академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарында қарастырылған мерзімдерде магистрлік (докторлық) диссертация қорғау нысанында өткізіледі.

11.2 Қорытынды аттестацияға жеке, оқу жұмыс жоспарларының және оқитын білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

11.3 Жеке, оқу жұмыс жоспарларының және оқитын білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курстардың білім алушылары жазғы семестрді өтпестен, оқу курсы қайтадан оқуға қалдырылады.

11.4 Магистрлік диссертацияны қарастыру үшін Университет әрбір мамандық бойынша қорытынды аттестациялық комиссияны (ҚАК) құрады. ҚАК құрамдары ректордың бұйрығымен бекітіледі.

11.5 ҚАК төрағасы ретінде ғылым докторы немесе кандидаты – ғылыми дәрежесі, немесе PhD философия докторы немесе бітіретін мамандарды дайындау бағытына сәйкес келетін бейін бойынша доктор – академиялық дәрежесі бар, Университетте жұмыс істемейтін тұлға тағайындалады. Докторантура мамандықтары бойынша осы кезеңде бітіретін білім алушылары жоқ, сыртқы қоса атқарушыларды тартуға болады.

11.6 ҚАК құрамына мүшелер құқығында ғылым докторы немесе кандидаты – ғылыми дәрежесі, PhD философия докторы/бейін бойынша доктор – академиялық дәрежесі бар, бітіретін мамандарды дайындау бағытына сәйкес келетін ғылыми және шығармашылық атақтарын иеленген тұлғалар кіреді. Магистратура үшін ҚАК құрамына магистрлер және бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін, үлкен тәжірибесі бар, жоғары білікті мамандар кіреді.

11.7 Білім алушыларды қорытынды аттестацияға жіберу қорытынды аттестация басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей, ректордың бұйрығымен тізім бойынша рәсімделеді және ҚАК беріледі.

11.8 ҚАК жиналыстарының хаттамалары әрбір білім алушыға жеке жүргізіледі. ҚАК жиналыстарының хаттамаларын оқытушылардан немесе бітіретін кафедраның оқу-қосымша қызметкерлерінің өкілдері санынан тағайындалатын хатшы жүргізеді.

11.9 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының толық теоретикалық курсы игерген, бірақ, білікті бітіру жұмысын қорғауға жіберілмеген және ғылыми-зерттеу компонентін орындамаған білім алушыға кредиттерді келесі академиялық жылы ақылы негізде игеру мүмкіндігі беріледі.

11.10 Диссертация жұмысында авторға және енгізу көзіне сілтемесіз кірме материал болуын және мәтінді сөздер мен сөйлемдерді синонимдік алмастырумен мағынасын өзгертпей пайдалануды, басқа тілден аударылған мәтінді (диссертацияны плагиатқа тексеру) пайдалануды қоса, тексеру белгіленген талаптарға сай лицензиялық бағдарламалардың көмегімен іске асырылады.

11.11 Магистрлік диссертация жұмыстарын қорғау бойынша ҚАК магистратураның әрбір мамандығы бойынша құралады. Төрағаның орынбасары, ғылыми хатшы және мүшелері

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	24 бет

көрсетілуімен комиссия құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жыл бойы әрекет етеді. Комиссия құрамы кемінде, бес адамнан тұрады.

11.12 Магистрлік диссертацияны қорғау келесілердің болуында іске асырылады:

- Ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- Ғылыми басылымдарда диссертация тақырыбы бойынша кемінде, бір жарияланым, немесе халықаралық немесе республикалық конференцияларда баяндама жасау;
- Диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыныс туралы сараптама комиссиясының қорытындысы;
- Бітіретін кафедраның қорғауға ұсыныстары туралы шешімдері (кафедра жиналысының хаттамасынан көшірмелер);
- Диссертацияның жан-жақты сипаттамасы, бағасы («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») көрсетілуімен дәйекті қорытынды және тиісті мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесі тағайындалу мүмкіндігі берілетін оппоненттің (сын пікір білдіруші) рецензиясы, оппоненттің біліктілігі (квалификациясы), ғылыми немесе академиялық дәрежесі қорғауға берілген жұмыстың бейініне сәйкес болуы тиіс.

11.13 Сараптама комиссиясының құрамына ұсынылған зерттеудің пәні мен нысаны саласында білімі бар, кемінде, үш маман кіреді. Сараптама комиссиясының құрамы диссертацияны қорғауға дейін бір айдан кешіктірілмей, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

11.14 Ғылыми жетекші және/немесе сараптама комиссиясы «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берген жағдайда білім алушы қорғауға жіберілмейді және осы академиялық жылы магистрлік диссертациясын қорғамайды.

11.15 Қорытынды аттестация аяқталғаннан кейін ҚАК төрағасы екі апта ішінде магистрлік диссертацияны қорғау туралы есеп береді, есеп Ғылыми кеңестің жиналысында талқыланады және бекітіледі. Қорытынды аттестация аяқталғаннан кейін бір айлық мерзімде Университет білім беру саласындағы өкілетті органға есеп береді.

11.16 ҚАК төрағасының есебіне түсіндірме жазбасында көрсетіледі:

- Университетте берілген мамандық бойынша мамандарды дайындау деңгейі;
- Берілген мамандық бойынша магистранттарды дайындау сапасын талдау, кемшіліктерді көрсетумен;
- Магистрлік диссертациялар тақырыптарының ғылымның, мәдениеттің заманауи жағдайына және қоғамның сұраныстарына сәйкестігі;
- Магистрлік диссертацияны орындау сапасы;
- Сараптама комиссиясы қорытындысының, ғылыми жетекші пікірінің, ресми оппонент рецензиясының магистрлік диссертацияны қорғау деңгейіне сәйкестігі;
- Университетте магистранттарды дайындауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар.

11.17 ҚАК төрағасының есебіне магистратура бағдарламасын аяқтаған бітірушілердің аты-жөні, мамандығы және берілген дипломның номері көрсетілген, Университет ректоры қол қойған тізімі қоса беріледі.

11.18 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушы келесі оқу жылының қорытынды аттестациясы басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, ақылы негізде қайта қорытынды аттестаттауға рұқсат беру туралы университет ректорының атына өтініш жазады.

11.19 Пысықтаулармен қайта ұсынылған магистрлік диссертация кафедра отырысында қорғалады, оның нәтижелері бойынша қорғауға ұсыным беру туралы шешім қабылданады.

11.20 Докторантураның білім беру бағдарламасын игергеннен кейін докторанттың біліктілік (квалификациялық) жұмысы (докторлық диссертациясы) бітіретін кафедраның

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	25 бет

жиналысында алдын ала қорғауға беріледі, жиналыста оны қорғауға жіберу жөнінде шешім қабылданады.

11.21 Докторантураның білім беру бағдарламасының толық теоретикалық курсы игерген, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарын/тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын орындаған, бірақ, докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертацияны екі жыл ішінде – ақысыз негізде, ал келесі жылдары ақылы негізде, кемінде, 4 академиялық кредит көлемінде қорғау мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте докторантураны бітіргеннен кейін үш жыл өткенде докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

11.22 Докторантураның білім беру бағдарламасының толық теоретикалық курсы игерген, бірақ, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарын/тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын орындамаған докторантқа келесі жылдары ақылы негізде аталған жұмыстардың академиялық кредиттерін қайта игеру және диссертацияны қорғау мүмкіндігі беріледі.

## 12 АПЕЛЛЯЦИЯ

12.1 Апелляция – білім алушының пікірі бойынша емтихан қабылдаушылардың оның жазбаларын, түсіндірмелерін және басқа материалдарын дұрыс түсінбеуі немесе дұрыс талдамауы салдарынан бағаны төмендетуге, немесе емтихандағы бағаның қате қойылуына апарған білім алушылардың білімін бақылау рәсімін өткізудің бұзылуы туралы білім алушының дәйекті жазбаша өтініші.

12.2 Апелляция шектік, аралық, қорытынды аттестация өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

12.3 Апелляциялар Университет ректорының бұйрығымен құрылған апелляциялық комиссиямен қарастырылады. Апелляциялық комиссияның құрамына біліктілігі (квалификациясы) мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар кіреді.

12.4 Білім алушыларға апелляцияны жүргізу үшін апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш беріледі.

12.5 Апелляцияны өткізу үшін білім алушы Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының атына факультет деканы қол қойған өтінішті береді. Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет апелляцияның орындылығы туралы шешім қабылдайды.

12.6 Білім алушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қатысуымен пән бойынша өздерінің жұмыстарымен және/немесе шығармашылық емтихан нәтижелерінің хаттамаларымен таныса алады.

12.7 Апелляцияны қарастыру барысында жауапқа, орындауға, көрсетуге қойылған бағалардың дұрыстығы ғана тексеріледі. Апелляция – емтиханды қайта тапсыру емес.

12.8 Қойылған баға бойынша апелляциялық комиссияда келіспеушілік пайда болса, дауыс беру өткізіледі және баға көпшілік дауыс санымен бекітіледі.

12.9 Апелляция нәтижелері Platonus ААЖ платформасында білім алушының электрондық тізімдемесіне қойылады.

12.10 Мемлекеттік емтихан және қорытынды аттестаттау қорытындылары бойынша апелляция қанағаттандырылған жағдайда ҚАК отырысының хаттамасы қайта рәсімделеді. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижелері « \_ » бетіндегі № \_\_ хаттамамен қайта қаралды» деген жазумен өтеледі және оған ҚАК-ның барлық қатысып отырған мүшелері мен оның төрағасы қол қояды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	26 бет

### **13 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КУРСТАН КУРСҚА КӨШІРУ ШАРТТАРЫ**

13.1 Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессиясының қорытындылары негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды курстан курсқа көшіру іске асырылады.

13.2 Тіркеуші офис жазғы семестрдің нәтижелерін ескерумен курстың емтихан сессиясының қорытындылары бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы ретінде көшіру балын есептейді.

13.3 Жазғы емтихан сессиясы – көшіретін сессия, және келесі курсқа көшіру үшін GPA есептеу орындалады. Білім алушыларды курстан курсқа көшірудің орташа балы (GPA) құрайды: екінші – кемінде 2,0; үшінші – кемінде 2,25; төртінші – кемінде 2,5; бесінші курсқа – кемінде 2,5 бал.

13.4 Жазғы семестрдің нәтижелерін ескерумен оқу жылының қорытындылары бойынша GPA көшіру балын алмаған білім алушы курсты қайтадан оқуға қалдырылады.

13.5 Курсты қайтадан оқуға қалдырылған білім алушы жаңа жеке оқу жоспарын құрады немесе бұрынғы жеке жоспар бойынша оқиды.

13.6 Курсты қайтадан оқуды қаржыландыру білім алушының меншікті қаржысы есебінен іске асырылады.

13.7 Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ, ең төменгі көшіру балын алмаған білім алушыға өзінің үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жеке пәндерді ақылы негізде қайтадан оқу (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнінен басқасы) және олар бойынша емтихандар тапсыру мүмкіндігі беріледі.

13.8 Емтиханды қайтадан тапсырудың оң нәтижесінде қорытынды баға қайта есептеліп, Platonus ААЖ электрондық тізімдемесі мен транскриптке енгізіледі.

13.9 Үлгерімінің орташа балын есептеуде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі.

13.10 Транскрипт білім алушының сұрауымен кез келген оқу кезеңі бойынша беріледі.

### **14 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ**

14.1 Білім алушының құқығы бар:

- білім алу ұйымының бірінен басқасына ауысуға ;
- мамандықтың бірінен басқасына ауысуға;
- оқу нысанының бірінен басқасына ауысуға;
- бір топтан екінші топқа ауысу үшін;
- бір мұғалімнен екіншісіне ауысқаны үшін;
- өзіңіздің немесе ұқсас білім беру бағдарламасына қайта жазылыңыз.

14.2 Студентті ауыстыру және қалпына келтіру туралы барлық істерді студенттің өтініші негізінде оқу ісі қызметінің арнайы комиссиясы қарайды. Студенттің бір оқытушыдан екіншісіне ауысуы студенттің немесе оқытушының каникул кезінде кафедра меңгерушісінің атына жазған өтініші бойынша қарастырылады.

Оқу жылы ішінде оқытушы мен студенттің арасында жанжал туындаған жағдайда ауыстыру мәселесін тәртіптік комиссия қарайды.

14.3 Басқа жоғары оқу орнынан шығармашылық бағытта білім алушылардың ауысып келуіне олардың академиялық берешектері болмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	27 бет

14.4 Жоғары оқу орнының білім алушысы жеке оқу жоспарына сай игерілетін білім беру бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толығымен аяқтаған болса, оқудан шығарылғаннан кейін ауысуына немесе қайта қабылдануына болады.

14.5 Оқу жоспары пәндерінің айырмашылығы бес пәннен аспайтын болса (оның ішіндегі екі-үш пән міндетті компонентке тән), бұрын оқыған білім алушыларды тиісті курсқа қайта қабылдауды және/немесе ауыстыруды іске асыруға болады. Білім алушы қайта қабылданған немесе ауыстырылған кезде оқу жоспары пәндерінің айырмашылығын белгіленген мерзімде тапсырмаған болса, бұл айырмашылық академиялық берешек болып саналады және курстан курсқа көшкенде оның GPA көшіру балын анықтаған кезде ескеріледі.

14.6 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тек демалыс уақытында жүргізіледі.

14.7 Аударымнан немесе қалпына келтіруден кейінгі оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады, тек жағдайларды қоспағанда:

- білім беру бағдарламаларының бір тобы шеңберінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру (бітіруші кафедрамен келісім бойынша);
- бұрын мемлекеттік білім беру грантын иеленген білім алушылардың академиялық демалыстан оралуы.

14.8 Университетте білім алушы оқудан шығарылуы мүмкін:

- білім беру бағдарламасын игеріп, қорытынды аттестаттаудан сәтті өткеннен кейін;
- өз еркімен;
- денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультативтік комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде;
- басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын уақтылы төлемегені үшін;
- академиялық үлгерімсіздігі үшін (дәлелсіз себептермен 25 кредиттен асатын академиялық айырмашылық үшін);
- Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін және университет Жарғысын бұзғаны үшін;
- шартты қабылдау кезінде ҰБТ шекті балынан өтпегені үшін (бакалавриат);
- шетелде алған білімі туралы құжатты (магистратура және докторантура) тану туралы құжатты уақтылы ұсынбағаны үшін;
- білім алушы бас бостандығынан айыруға немесе оқуын жалғастыру мүмкіндігін болдырмайтын өзге де жазаға сотталған сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда;
- өлімге байланысты.

14.9 Білім алушыларды оқудан шығару білім алушының өтініші негізінде, кафедра меңгерушісінің/факультет деканының ұсынысы бойынша немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін заңнамалық актілерге сәйкес университеттің әлеуметтік-тәртіптік комиссиясының шешімі бойынша ректордың бұйрығымен ресімделеді.

14.10 Семестрдің барысында оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын тұлғалар берешекті төлеген жағдайда, шығарылған кезден бастап төрт апта ішінде оқуға қайта қабылдануға құқығы бар.

14.11 Оқудан шығарылған білім алушы (бірінші семестрді аяқтамаған 1 курста білім алушылардан басқасы) кету қағазын тапсырғаннан кейін оған академиялық анықтама (транскрипт) және жеке ісінде сақталатын білім туралы түпнұсқалы құжаты (аттестат) беріледі, анықтамаға ректор қол қояды және мөрмен бекітіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	28 бет

14.12 Транскриптке білім алушының оқыған барлық пәндері және/немесе модульдері міндетті түрде жазылады, қорытынды бақылау бойынша алған барлық бағалары, «қанағаттанарлықсыз» бағасына баламалы FX және F бағаларын қоса, көрсетіледі.

14.13 Қорытынды бақылау бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны қорғамаған» немесе «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтиханды тапсырмаған» деген тұжырымдамамен ректордың бұйрығымен Университеттен шығарылады. Оған аяқталмаған білім туралы анықтама беріледі.

## 15 БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНДАҒЫ БОС ОРЫНДАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

15.1 Ақылы негізде оқитын білім алушының білім беру грантындағы бос орынға ауысуға құқығы бар.

15.2 Білім беру грантындағы бос орынды тағайындау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім Министрлігінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бекітілген бұйрығы бойынша «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау Қағидаларына сай орындалады.

15.3 Білім беру грантындағы бос орын білім беру бағдарламасының топтары бойынша білім алушыларға конкурстық негізде тағайындалады.

15.4 Ашық конкурс туралы хабарландыру мамандарды дайындау бағыты және курсы тұрғысында білім беру грантындағы бос орындардың саны көрсетілуімен Университет сайтында орналастырылады.

15.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босаған білім беру грантындағы бос орындарды тағайындау жазғы немесе қысқы демалыс (каникул) кезінде орындалады.

15.6 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босаған білім беру грантындағы бос орындарды тағайындау тәртібі:

15.6.1 Үміткерлер одан әрі мемлекеттік білім беру грантында оқуға ауысу тілегі туралы Университет ректорының атына өтініш жазады, оған жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және бүкіл оқу кезеңі бойынша транскриптіні қоса береді.

15.6.2 Конкурстық комиссия үміткерлердің құжаттарын қарастырады. Білім беру грантындағы бос орындар сол білім беру бағдарламасының тобындағы және тиісті оқу жылындағы білім алушыларға тағайындалады. Білім беру бағдарламасының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда гранттар дайындық бағытының немесе білім беру саласының ішінде қайта бөлінеді.

15.6.3 GPA үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда тек А және А- «үздік» бағалары бар білім алушылардың құқығы басым болады, одан кейінгі кезекте А, А- «үздік» бағасынан В+, В, В-, С+ «жақсы» бағаларына дейін, одан әрі – бүкіл оқу кезеңі бойы аралас бағалары бар тұлғалар иеленеді.

15.6.4 Конкурстық комиссия мақұлдаған білім алушылардың кандидатуралары Ғылыми кеңестің қарастыруына шығарылады. Білім беру грантындағы бос орындарды иеленуге Ғылыми кеңес бекіткен кандидатуралардың тізімі ҚР МСМ жіберіледі.

Әрбір үміткерге жеке іс құрастырылады, оған: білім алушының ҚР БҒМ министрінің және ҚР МСМ министрінің атына өтінішінің түпнұсқасы, Университет Ғылыми кеңесі шешімінің көшірмесі, білім алушының транскрипті, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері салынады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ</b>	6-нұсқасы: 31.08.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ</b>	29 бет

15.6.5 ҚР МСМ түскен құжаттары қарастырып, оң шешім қабылдаған болса, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу барысында босаған білім беру грантындағы бос орындарды тағайындау туралы бұйрық шығарады. Осы бұйрықтың негізінде Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) мемлекеттік білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті рәсімдейді.

15.6.6 Білім беру грантын тағайындау туралы куәліктің негізінде Университетте білім алушыны одан әрі мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

## **16 АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫСТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

16.1 Оқуын уақытша тоқтату үшін білім алушының академиялық демалыс алуға келесі негізде құқығы бар:

- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының 026/у нысанына сәйкес науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қорытындысы (бұдан әрі № 175/2020 бұйрық);
- №175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының IV санаты ТБ 014/у нысанына сәйкес ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (ОАКК) шешімі;
- ҚР Қорғаныс Министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығымен (бұдан әрі - №28 бұйрық) бекітілген әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу Қағидаларына сай әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке Шақыру қағазы;
- Баланың туу туралы куәлігі (ол 3 жасқа толғанға дейін)
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV (ол үш жасқа толғанға дейін) кодексіне сәйкес баланы асырап алу туралы сот шешімі.

16.2 Академиялық демалысты беру растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері қоса берілуімен, білім алушының өтініші негізінде Университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

16.3 Академиялық демалыстан қайтып келгенде білім алушы Университет ректорының атына өтініш береді, оған жеке куәлігінің көшірмесін және оқуды жалғастыруын растайтын келесі құжаттарды (түпнұсқалары мен көшірмелері) қоса береді:

- №175/2020 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес денсаулық сақтау ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК немесе ЦВКК анықтамасы;
- №28 бұйрықпен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына сәйкес нысан бойынша әскери билет.
- №9 бұйрыққа сай баланың туу туралы, оны асырап алу туралы куәліктері.

16.4 Академиялық демалыстан қайтып келгенде білім алушы оқуын осы демалыс рәсімделген кездегі курстан және академиялық кезеңнен жалғастырады.

16.5 Комиссия оқу жұмыс жоспарындағы пәндер/модульдердің айырмашылығын анықтайды, осыған сай білім алушының жеке оқу жоспары бекітіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	30 бет

16.6 Академиялық демалыстан қайтып келген немесе шыққан күн академиялық кезеңнің басымен немесе соңымен сәйкес келмеген жағдайда білім алушы жеке кесте бойынша ағымдағы оқу сабақтарымен қатар барлық оқу тапсырмаларын орындайды, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, аралық аттестациядан өтуге рұқсат алады.

## 17 АКАДЕМИЯЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ПЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ ЖОЮ

17.1 Білім алушыда академиялық айырмашылық келесі жағдайларда пайда болуы мүмкін:

- Оқу нысанының бірінен басқасына ауысу;
- Академиялық демалыстан қайтып келу;
- Басқа оқу орнынан ауысып келу;
- Басқа білім беру бағдарламасына ауыстыру;
- Білім алушыны Университетте оқуға қайта қабылдау.

17.2 Білім алушының өтініші бойынша тіркеуші офис академиялық айырмашылықты құрайтын пәндер тізбесін айқындайды және оқытушылардың жұмыспен қамтылуын ескере отырып, мәлімделген пәндер бойынша оқытушыларды бекітеді.

17.3 Академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы пәндерді игеруі және осы пәндермен ұсынылатын біліктіліктерді жинақтауы тиіс. Бұл үшін ол міндетті:

- Барлық сабаққа қатысуы және барлық тапсырмаларды орындауы;
- Аралық бақылаулардан өтуі;
- Оң нәтижемен тапсырғанда кредиттердің жоспарланған көлемін алуға мүмкіндік беретін пәндер бойынша емтихандар тапсыру.

17.4 Академиялық айырмашылықтың пәндері бір академиялық кезеңнің барысында игерілуі тиіс.

17.5 Оқу жұмыс жоспарындағы пәндердің белгіленген мерзімде жойылмаған айырмашылығы одан әрі академиялық берешек болып есептеледі.

17.6 Академиялық айырмашылық келесілердің нәтижесінде пайда болады:

- Қорытынды бақылауда (емтиханда) пән бойынша қанағаттанарлықсыз баға алу;
- Емтиханға келмеу
- Академиялық айырмашылықтың белгіленген мерзімде жойылмауы.

17.7 Академиялық айырмашылықтың пәндері келесі семестрде оқылатын пәндер үшін пререквизит болмайды.

17.8 Академиялық айырмашылықтың пәндерін жазғы сессия кезінде игеруге болады.

17.9 Осы берешек қалыптасқан академиялық кезеңнен кейінгі жазғы сессия кезінде академиялық берешекті игеру ұсынылады.

17.10 Бітіру курсының басында академиялық берешегі бар және оларды жазғы сессиялар кезінде жоймаған білім алушылар бітіру курсына оқуға жіберілмейді.

17.11 Бітіруші курс студенттері күзгі семестрде туындаған академиялық берешегін демалыс уақытында жабуы керек, сонымен қатар академиялық қарыз сомасы 7 кредиттен аспауы тиіс. Әйтпесе, студент оқудағы үлгермеушілік үшін оқудан шығарылады.

17.12 Академиялық айырмашылықты жою ақылы негізде білім алушының меншікті қаражаты есебінен іске асырылады.

17.13 Университетте Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен, бейресми білім беретін ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар ұсынған ресми және бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелері танылуы мүмкін.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	31 бет

## 18 ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

18.1 Университетте білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр ұйымдастырылады.

18.2 Келесі білім алушылардың жазғы семестрді өту құқығы бар:

- өткен академиялық кезеңдердегі академиялық берешекті жою;
- оқуға қайта қабылданған, ауыстырылған, академиялық демалыстан қайтып келген кезде академиялық айырмашылығы бар;
- «өте жақсы» және «жақсы» білім алушылардың қосымша білім алу жағдайы;
- пәнді қайта өту және емтиханды жоғарырақ бағаға тапсыру есебінен орташа үлгерім балын (GPA) көтеруге тілегі бар;
- сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде игеру;
- басқа білім беру ұйымдарының білім алушыларының оқу пәндерін зерделеу және олардың білім беру ұйымдарында міндетті түрде қайта есептелуімен кредиттерді игеру.

18.3 Жазғы семестрдің барысында оқу үшін білім алушы жазғы емтихан сессиясының басталуына дейін ректордың атына дәлелді өтініш береді. Мақұлданғаннан кейін тіркеуші офис оқытушылардың жұмыста қамтылуын ескерумен аталған пәндер бойынша оқытушыларды белгілейді.

18.4 Жазғы семестр пәндерінен өту білім алушылардың өз қаражаты есебінен ақылы негізде ұйымдастырылады.

18.5 Білім алушылар белгіленген мөлшердегі ақыны төлегеннен кейін тіркеуші офис жазғы семестрдің кестесін құрады, кестені оқу және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша проректор бекітеді.

18.6 Жазғы семестр кезінде және аяқталғаннан кейін оқытушылар Platonus ААЖ платформасындағы электрондық тізімдемелерге ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау үшін пән бойынша баға қояды.

18.7 Жазғы семестрдің сабақтарын өткізгені үшін профессорлық-оқытушылық құрамға ақы төлеу сағаттық нысанда тек аудиториялық сағаттар үшін орындалады.

## 19 ҚАЙТА ОҚУДАН ӨТУ

19.1 Қайта оқудан өтетіндер:

- Курстан курсқа өту үшін орташа үлгерім балы (GPA) жеткіліксіз болуына байланысты келесі курсқа өтпеген білім алушылар;
- Оқу жұмыс жоспарының, жеке оқу жоспарының және білім берудегі оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған, бітіретін курста білім алушылар (жойылмаған академиялық берешектері бар).

19.2 Білім алушының қайта оқудан өтуі туралы шешімді Университет ректоры қабылдайды және тиісті бұйрықпен рәсімделеді.

19.3 Қайта оқу ақылы негізде ғана іске асырылады.

19.4 Оқу курсы қайтадан оқуға қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша оқиды немесе жаңа жеке оқу жоспарын құрады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	32 бет

## 20 БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

20.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік Қағидаларына сәйкес Университет ақылы негізде келесідей оқу нысандарына тіркейді:

- бакалавриатқа – қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша, кемінде, 75 бал алған талапкерлерді, бұл ретте әрбір шығармашылық емтиханы үшін, кемінде, 5 бал алған;
- магистратураға – кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша, кемінде, 50 бал алған талапкерлерді, бұл ретте шет тілі бойынша, кемінде – 25 бал, оқуға дайындықты анықтау тесті бойынша, кемінде – 7 бал, әрбір шығармашылық емтиханы бойынша, кемінде, 7 бал алған;
- докторантураға – қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша 100 мүмкін балдан 50 бал алған, шет тілін білудің талап етілетін деңгейін растайтын халықаралық сертификаты бар талапкерлерді.

20.2 Білім беру қызметіне ақы төлеуді білім алушылар Университет пен білім алушының арасындағы қол қойылған екі жақты шартқа сай іске асырады.

20.3 Оқу ақысы төленгеннен кейін 28 тамыздан кешіктірмей білім алушыларды бірінші курсқа қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

20.4 Жылдық төлем сомасының 50% мөлшерінде қалған соманы төлеу оқу жылының 2-ші (екінші) жартыжылдығының басына дейін енгізіледі. Төлемді білім алушылар 10 желтоқсанға дейінгі кезеңде немесе 4 қаңтардан кейін көктемгі семестр басталғанға дейін енгізеді.

20.5 Оқу ақысын уақытылы төлемеу – ақылы білім беру қызметін көрсетуге білім алушымен жасалған шартты Университеттің бір жақты тәртіпте бұзуы үшін дәлелді негіздемесі.

20.6 Білім алушының ынтасы бойынша және/немесе тараптардың келісімі бойынша шарттың бұзылуында өткен семестрлер үшін төленген қаржы қайтарылмайды. Білім алушының алдын ала төлеген сомасынан Университеттің нақты шығындары шегеріліп, қайтарылады: төленген сома осы семестрде оқыған айлар санына бөлінеді және олардың қосындысы төленген сомадан шегеріліп, қалғаны қайтарылады.

20.7 Университет шегінде білім алушының бастамасы бойынша оқытудың бір нысанынан, білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысқан кезде білім алушы оқу құнындағы айырмашылықты төлейді.

20.8 Білім алушы академиялық демалысқа кеткен жағдайда оған ағымдағы семестр үшін енгізілген алдын ала төлем сақталады. Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы демалыстан шыққан кезде қолданылатын білім беру қызметтерінің бағаларын ескере отырып, қосымша ақы төлейді.

20.9 Қайта курсқа қалдырылған білім алушы, тек қайта оқу үшін ОР белгілеген пәндер бойынша оқу ақысын төлейді.

20.10 Жазғы семестрді өтуге тілек білдіретін білім алушылар белгіленген тарифтерге сәйкес оқу үшін қосымша ақы төлейді.

20.11 Оқудан шығарылғаннан кейін қалпына келтірілген немесе басқа жоғары оқу орындарынан ауыстырылған білім алушылар академиялық айырмашылықты төлейді.

20.12 Академиялық берешегі бар білім алушылар оларды жою үшін төлемді (қайта игеру) меншікті қаражатынан жұмсайды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	6-нұсқасы: 31.08.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	33 бет

## 21 ДИПЛОМДЫ ТАБЫСТАУ

21.1 Қорытынды аттестаттаудан өткен, Жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған және дипломдық жобаны (жұмысты) көпшілік алдында қорғаған білім алушыға ҚАК шешімімен тиісті ББ бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасы (транскрипті) бар өз үлгісіндегі диплом беріледі.

21.2 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған және магистрлік диссертацияны көпшілік алдында қорғаған білім алушыға ҚАК шешімімен тиісті ББ бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және қосымшасы бар өз үлгісіндегі диплом беріледі.

21.3 Транскриптіде оқу және/немесе ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері бойынша академиялық кредиттер мен сағаттар арқылы олардың көлемдері көрсетілуімен балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалары көрсетіледі

21.4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын (докторантура) игерген білім алушыларға ғылыми-педагогикалық немесе бейінді – дайындық бағыты көрсетілуімен транскриптінің көшірмесі беріледі және шығарылуы туралы бұйрық жарияланады.

21.5 Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша қорытынды бағалары А, А- «өте жақсы»; үлгерімінің орташа балы 3,5-тен төмен болмаған кезде В+, В, В -, С+ «жақсы», сондай-ақ «Қазақстан тарихы» бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсырған жоғары білім (бакалавриат) ББ бойынша білім алушыға және А, А- «өте жақсы» бағалары бар мамандық бойынша және диплом жұмысын (жобаны) қорғаған (ауыстырған жағдайда мамандық бойынша мемлекеттік емтихандар) бойынша үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Бұл ретте оқу кезеңінде емтихандарды қайта тапсырған немесе қайта тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

## 22 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22.1 Осы құжат бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

22.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде ғылыми кеңес академиялық саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.